

Ф4.03-05

«М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КЕ АҚ

**«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент және комплаенс»
тақырыбындағы оқыту-семинарының
ХАТТАМАСЫ**

«15» қараша 2024 ж.

Сағат 09:00

Әскери кафедра, 1 дәрісхана

Қатысқандар: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет жетекшісі Г.Дулатова, Әскери кафедраның басшылық құрамы, оқытушылар және оқу-көмекші құрам.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Әскери кафедраның ұжымына сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама мен ішкі актілер нормаларын түсіндіру, кері байланыс арналарын хабарлау, мүдделер қақтығысының алдын алу және тәуекелдерді басқаруды белсендіру.

Сөз алды: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет жетекшісі Г.Дулатова.

Әскери кафедра ұжымымен заңнама нормаларын түсіндіру және тәуекелдердің төмендетуге бағытталған іс-шарада және Шымкент горнизонының әскери прокуратурасынан №2-1822-24-01070 санды заңдылықтың бұзылуын жою туралы ұсынысын талқылау бойынша кездесулер өткенін, іс-шаралардың жүйелі ұйымдастырылып жатқанын баяндады.

Бұдан бөлек ағымдағы жылдың 11-15 қарашасы аралығында Әскери кафедрада «Сыбайлас жемқорлық көріністеріне нөлдік төзімділік» ұйымдастырылған апталық жемқорлық көріністеріне қарсы иммунитетті күшейтуге бағытталғанын айтты. Апталық аясында Әскери кафедрадағы 63 взводтың 913 білім алушысына 11-14 қараша аралығында сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама нормалары түсіндірілгенін, шектеулер мен тыйымдар толық хабарланғанын және кері байланыс арналары (14 24) ескертілгенін атап өтті.

Семинар қатысушыларына сыбайлас жемқорлық профилактикасы бойынша іс-шараны түрлі қызметтік лауазымдар категориясы бойынша жеке-жеке топтастырылып, өткізілуінің себебін түсіндірді. Қызмет бабы бойынша тәуекелдер мен құзіреттіліктер де әртүрлі болғандықтан, оқytудың тиімділігін арттыру үшін жекелеген категорияларға біріктіріп, тәуекелдерді талдау қажет екенін айтты.

Университеттегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бұл бағыттағы саясат пен қызметті дұрыс жоспарлаудан басталатынын ескертіп, семинар тақырыбы аясында сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент және комплаенс ұғымына түсіндірме берді.

Төмендегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент жүйесін қалыптастыруда ескеру қажет факторларды жіктеп көрсетті:

- заңнама талаптары;
- ұйымның миссиясын (мақсаттары мен міндеттері);
- стратегиялық және ағымдағы жоспарлары (перспективалық, жылдық, тоқсандық және т.б.);
- тәуекелдерді басқару жүйесі (ақпараттық, құқықтық, репутациялық, сыбайлас жемқорлық және т.б.);
- ресурстарды (қаржылық, кадрлық, жеткілікті уақыттың болуы және т.б.);
- мүдделі тұлғалар (stakeholder- стейкхолдер) сұранысы мен талабы;
- жауапты тұлғаны немесе құрылымды анықтау.



Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарымен байланысты әкімшілік, қылмыстық жауаптылық түрлерін ҚР Конституциясы, ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы, ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексі, ҚР «Әкімшілік рәсімдік-процестік» кодексі және т.б нормативтік-құқықтық актілер мен заңға тәуелді актілер нормаларына сілтеме жасай отырып, ақпараттандырды.

Әскери кафедра деңгейіндегі тәуекелдер талқыланды, атап айтқанда: Әскери кафедра тыңдаушыларының қозғалысы, оқу-жаттығу жиындарын ұйымдастыру, оқу процесіндегі бағалау, кафедраға түсу үшін іріктеу жиынын өткізу, және т.б.

Әскери кафедра қызметіндегі тәуекелдер және олардың индикаторлары көрсетілген презентация қоса тіркелді.

Семинар қатысушыларына тәуекелдерді төмендету үшін:

- барлық қызметті регламенттеуді;
- тәуекелдерді тиімді басқаруды;
- бақылау мен есептілікті қамтамасыз етуді;

- процестерді цифрландыруды;
- жауаптылықты ескертуді;
- жазаның бұлтартпастығын қамтамасыз етуді;
- алқалы шешім қабылдауды басшылыққа алуды;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы және корпоративтік басқару туралы біліктілікті арттыруды;
- кері байланыс арналарын насихаттауды ұсынды.



Сонымен қатар, ішкі актілердегі рұқсаттар, тыйымдар мен шектеулер хабарланды. Университеттің ішкі ережелері, атап айтқанда Академиялық адалдық қағидасы, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты мен Әдеп кодексі нормаларында функционалдық міндеттерін атқару кезіндегі әдеп стандарттары, іс-әрекет үлгісі мен тыйымдар, рұқсаттар, шектеулер құрылымдар басшылары арқылы әрбір қызметкер (жұмыскер), білім алушы назарына жеткізілуі қажет екенін түсіндірді. Әрбір қызметкердің сәйкес лауазымдық нұсқаулықтармен таныстырылуы да маңызды екенін айтып, құрылым жетекшілеріне назарға алуды тапсырды.



Семинар соңында Әскери кафедра ұжымына университеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын, миссиясын қызметкерлер мен білім алушылар назарына дұрыс жеткізуді, дәріптеуді және түсіндіру жұмысын белсендіруді ұсынды.

Әскери кафедраның басшылық құрамы мен оқытушылары, оқу-көмекші құрамы сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпемен танысып, қол қойды (ескертпе хаттамаға қоса тіркелді).

ШЕШІМ:

1. Әскери кафедра тарапынан ұйымдастырушылық-басқарушылық шешімдер қабылдау, лауазымдық міндеттерін атқару барысында сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама нормалары мен ішкі актілердегі тыйымдар, шектеулер басшылыққа алынсын.

2. Корпоративтік этика нормаларын насихаттау, тәуекелдерді төмендету, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті арттыру белсендірілсін.

3. Әскери кафедраның басшылық құрамы қызметкерлердің, оқытушылар мен оқу-көмекші құрамның лауазымдық нұсқаулықтарымен уақытылы таныстырылуын назарға алсын.

4. Әскери кафедра және оның ішкі құрылымдарының (цикл) басшылары өзі басқарып отырған құрылым деңгейінде сыбайлас жемқорлық профилактикасын күшейтсін.

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы
комплаенс-қызметінің жетекшісі**

Г.С.Дулатова

Хатшы

Д.Құрасбек